

2011 жылға арналған Жезқазған қаласы аумағында базарларда тауарларды сату құқығына берілетін бір жолғы талонның құнын белгілеу туралы

Мерзімі біткен

Қарағанды облысы Жезқазған қалалық мәслихатының 2010 жылғы 23 желтоқсандағы N 28/332 шешімі. Қарағанды облысы Жезқазған қаласы Әділет басқармасында 2011 жылғы 13 қаңтарда N 8-2-133 тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексі (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Заңына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Жезқазған қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қосымшаға сәйкес 2011 жылға арналған Жезқазған қаласы аумағында базарларда тауарларды сату құқығына берілетін бір жолғы талонның құны белгіленсін.

2. Жезқазған қалалық мәслихатының "2010 жылға арналған Жезқазған қаласы аумағында базарларда тауарларды сату құқығына берілетін бір жолғы талонның бағасын белгілеу туралы" 2010 жылғы 16 шілдедегі N 24/284 (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 8-2-117 нөмірімен тіркелген, 2010 жылдың 6 тамызындағы N 57 (7674) "Сарыарқа" газетінде және 2010 жылдың 13 тамызындағы N 53 (223) "Жезказганская правда" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы,

Қалалық мәслихаттың хатшысы

Әбдіров Қ.С.

КЕЛІСІЛДІ:

"Жезқазған қаласы бойынша

Ахметов Батырлан

салық басқармасы" мемлекеттік

Дүйсенбайұлы

мекемесінің бастығы

23.12.2010 жыл

Жезқазған қалалық мәслихатының

2010 жылғы 23 желтоқсандағы

N 28/332 шешіміне қосымша

Жезқазған қаласындағы базарларда тауарларды сату құқығын беретін бір жолғы талонның құнын есептеу

Базар атауы	Мамандандыру	Сауда орнының түрі	Бір күнгі талонның құны (теңге)
"Шаруа" базары, Фирма "Арат" Жезқазған қаласы, Некрасов көшесі 67	өнеркәсіптік	үлкен сөрелер	230
		кіші сөрелер	170
		көліктен	594
	азық-түліктік	ет сөрелер	350
		азық-түлік сөрелер	255
		жеміс-жидек	200
		көліктен	594
"Нарық" базары, "Панацея" Жауапкершілігі шектеулі серіктестік Жезқазған қаласы, Некрасов көшесі 12	өнеркәсіптік	павильоннан	284
		үлкен сөрелер	220
		кіші сөрелер	160
		көліктен	594
	азық-түліктік	ет сөрелер	340
		азық-түлік сөрелер	230
		жеміс-жидек	170
		көлік	594
"Мерей" базары, Жезқазған қаласы, Некрасов көшесі 60а	өнеркәсіптік	үлкен сөрелер	250
		орта сөрелер	230
		кіші сөрелер	170
	азық-түліктік	үлкен сөрелер	255
		кіші сөрелер	190
"Жансая" базары, Жезқазған қаласы, Абай көшесі	өнеркәсіптік	сөрелер	280
		автокөліктерді сатуды жүзеге асыру	150
Жезқазған қаласы, вокзал алаңындағы шағын-базар	өнеркәсіптік	сөрелер	62
	азық-түліктік	сөрелер	63
"Тұрсынай-Ана" базары, Жезқазған қаласы, Некрасов көшесі	азық-түліктік	үлкен сөрелер	255
		кіші сөрелер	170